

№ 1820 болып тіркелген "Жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркеу жөніндегі куәлік алуға өтініш нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 21 наурыздағы № 379 бұйрығына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің 2004 жылғы 7 қаңтардағы № 3 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 20 қаңтарда тіркелді. Тіркеу № 2676. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 9 қаңтардағы № 5 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2009.01.09 № 5 бұйрығымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес кейбір нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

*2
3*

4. Осы бұйрық 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Министр Б.Жәмішев
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы М и н и с т р д і ң
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 9 қаңтардағы
№ 5 бұйрығына қосымша
Күші жойылған кейбір нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

1

15. "Жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркеу жөніндегі куәлік алуға өтініш нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 21 наурыздағы № 379 бұйрығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 7 қаңтардағы № 3 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2676 болып тіркелді, "Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетені" журналында, 2004 ж., № 33-36, 988-құжат, "Ресми газет" газетінде 2004 жылғы 28 ақпандағы № 9 жарияланды).

.....

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"
Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркеу жөніндегі куәлік алуға өтініш нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 21 наурыздағы N 379 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2002 жылғы 11 сәуірде N 1820 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінің 2002 жылғы N 21 санында жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу жөніндегі куәлік алуға өтініште:

8-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Шаруа (фермер) қожалығы нысанындағы жеке кәсіпкерлікті

тіркеу кезінде | | ұяшығында деп |х | көрсетіңіз".

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің Өндірістік емес төлемдер басқармасы (Ю.Ж.Тілеумұратов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Төрағаның м.а.